

Талдамалық шолу

# Қазақстан Республикасында Орнықты даму мақсаттарын іске асыру



2024

Осы талдамалық шолуда 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған орнықты даму саласындағы Күн тәртібінің іске асырылуына қысқаша шолу ұсынылған.

Шолуды Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің сұрау салуы бойынша Экономикалық зерттеулер институтының сарапшылары дайындады, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттіктің Ұлттық статистика бюросының ресми деректері негізінде 2030 жылға дейінгі Орнықты даму мақсаттарының ұлттық индикаторларының динамикасын талдауды қамтиды.

**Авторлар:**

**Хамбар Бақытгүл,**

экономика ғылымдарының кандидаты,  
«Экономикалық зерттеулер институты» АҚ  
ОДМ бойынша хатшылықтың директоры

**Абуов Анас,**

«Экономикалық зерттеулер институты» АҚ  
ОДМ бойынша хатшылық директорының орынбасары

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ .....</b>	<b>6</b>
<b>ҚАЗАҚСТАН ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫҢ ЖАҒАНДЫҚ РЕЙТИНГІНДЕ .....</b>	<b>7</b>
<b>ҚАЗАҚСТАНДА ОДМ ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙ .....</b>	<b>10</b>
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>17</b>
<b>Қосымша. Қазақстанның ОДМ ұлттық индикаторларының динамикасы .....</b>	<b>18</b>

## ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚ	Акционерлік қоғам
ҚР СДжРА	Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму және реформалар агенттігі
ЖКБ	Жылдам кешенді бағалау
ЖП	Жалпы ішкі өнім
ЖҚҚ	Жалпы қосылған құн
АИВ	Адамның иммунтапшылығы вирусы
АПҚВ	Адам папилломавирусына қарсы вакцина
ДДҰ	Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
ЖАӨ	Жалпы аймақтық өнім
СЖСГ	Сумен жабдықтау, санитария және гигиена
ГЭС	Гидроэлектрстанция
ЕЖБДИ	Ерте жастағы балалардың даму индексі
ІМ	Ішкі істер министрлігі
ХМСЕ	Халықаралық медициналық-санитарлық ережелер
ҒЗТҚЖ	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЕҚТА	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
ЭСП	Экономикадағы сатып алу қабілетінің паритеті
ОДЖ	Облыстың даму жоспары
ҚР	Қазақстан Республикасы
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
ТжКБ	Техникалық және кәсіптік білім беру
ОДМ	Орнықты даму мақсаттары
ESG	Environmental, Social, Governance
SDG	Sustainable Development Goals
MICS	Multiple Indicator Cluster Survey, Мультииндикаторлық кластерлік тексеру

## **СУРЕТТЕР ТІЗІМІ**

Сурет 1. Жекелеген міндеттердің орындалуын бағалау негізінде орнықты даму саласындағы 17 мақсатқа қол жеткізудегі жаһандық прогресті бағалау, % (2015 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңдегі үрдістер туралы деректер) .....	7
Сурет 2. Қазақстанның SDG Index-тегі орыны, 2016-2024 жж. ....	8
Сурет 3. Қазақстанда ОДМ іске асырудың институционалдық негізі .....	10

## **КЕСТЕЛЕР ТІЗІМІ**

Кесте 1. 17 ОДМ бойынша ақпарат: 2022-2024 жылдардағы көрсеткіштері мен тенденциялары .....	9
---	---

2000 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы Мыңжылдықтың даму мақсаттарын (бұдан әрі - МДМ) барлық елдер үшін негізгі даму бағдарламасы ретінде бекітті. МДМ сегіз бағыттағы мақсаттарды қамтыды және 2015 жылға дейін есептелді.

МДМ соңында 2015 жылдан кейінгі кезеңге арналған дамудың жаңа негіздемелік бағдарламасына қажеттілік пайда болды. Осыған байланысты, БҰҰ Бас Ассамблеясына мүше мемлекеттер 2030 жылға дейін жаңа Күн тәртібін бірлесіп әзірлеуге кірісті.

2015 жылғы 25 қыркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясына 193 мүше мемлекеттің және үкіметтің басшылары «Біздің әлемді қайта құру: Орнықты даму саласындағы 2030 жылға дейінгі күн тәртібі» (бұдан әрі – Күн тәртібі) атты жаңа жаһандық даму жоспарын қабылдады. Бұл күн тәртібі 2016 жылғы 1 қаңтарда күшіне енді.

Жаһандық ауқымда 2030 жылға дейінгі Күн тәртібі даму векторын өзгертуге және оны адам құқықтарына негізделген тұрақты және жан-жақты дамуға қол жеткізуге бағыттауға бағытталған. 2030 жылға дейінгі Орнықты даму мақсаттары (бұдан әрі - ОДМ) дамушы және дамыған елдерде трансформациялық өзгерістерді қамтамасыз етуге бағытталған.

Сонымен, Орнықты даму мақсаттары азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға, әлеуметтік-экономикалық дамуға және мемлекеттердің экологиялық тұрақтылығына бағытталған 2030 жылға дейінгі мақсаттар мен индикаторлардың кешенді әмбебап жиынтығы болып табылады.

Осылайша, бүгінде ОДМ әлемнің көптеген елдерінің мемлекеттік саясатын іске асырудың ажырамас бөлігі болып табылады. Бірқатар елдер ОДМ қағидаттарын ескере отырып бюджеттік саясатты іске асырады.

ОДМ тұрақты дамуды қамтамасыз етудің бағдары және моделі болып табылады, бірақ БҰҰ жыл сайынғы іске асыру есебін талап етпейді. Әрбір ел жаһандық индикаторлар негізінде ОДМ ұлттық индикаторларын дербес айқындайды.

Қазақстан, Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше басқа мемлекеттер сияқты, 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Орнықты даму саласындағы Күн тәртібіне қосылды. Ел Үкіметі жаһандық Күн тәртібін іске асырудың институционалдық негізін қалыптастырды.


2019, 2022 жылдары Қазақстан БҰҰ-ның Жоғары деңгейдегі саяси форумында 2030 жылға дейінгі Орнықты даму мақсаттарының іске асырылу барысы туралы Ерікті ұлттық шолуды ұсынды.

Осы талдамалық шолуда индикаторлардың динамикасын талдау үшін 2018 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңдегі деректер таңдалды, өйткені 2021-2023 жылдардағы деректер көптеген индикаторлар бойынша нақты көріністі көрсетпейді.

## ҚАЗАҚСТАН ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫҢ ЖАҒАНДЫҚ РЕЙТИНГІНДЕ

2015 жылы Қазақстан, БҰҰ-ға мүше басқа мемлекеттер қатарында 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған орнықты даму саласындағы Күн тәртібіне (бұдан әрі – Күн тәртібі) қосылды. Бұл күн тәртібі шұғыл жаһандық проблемаларды шешуге бағытталған орнықты даму саласындағы 17 мақсат пен 169 міндетті қамтиды.

Бүгінгі таңда 2030 жылға қарай ОДМ жету жолының жартысынан көбі өтті, бірақ қазіргі уақытта БҰҰ мәліметтері бойынша әлем ОДМ шеңберінде қойылған міндеттердің тек 17%-на қол жеткізуге сәтті ілгерілеуде. ОДМ міндеттерінің жартысына жуығы (48%) орташа немесе минималды прогреске қол жеткізді (сәйкесінше 18% және 30%), ал үштен бірінен астамы 2015 жылдың базалық деңгейімен салыстырғанда тоқырау немесе регрессияға (сәйкесінше 18% және 17%) ұшырады.



**Сурет 1.** Жекелеген міндеттердің орындалуын бағалау негізінде орнықты даму саласындағы 17 мақсатқа қол жеткізудегі жаһандық прогресті бағалау, % (2015 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңдегі үрдістер туралы деректер)

*Дереккөз: The Sustainable Development Goals Report, 2024*

Қазіргі уақытта ОДМ іске асыру мониторингі мәселелері олардың жұмыс топтарының қызметін үйлестіретін жауапты мемлекеттік органдардың бақылауында.


Сонымен қатар, 2016 жылдан бастап Орнықты даму туралы баяндама жарияланып келеді, онда БҰҰ-ға мүше мемлекеттер үшін ОДМ қол жеткізудегі прогресті бағалау (Орнықты дамудың Жаһандық рейтингі (SDG Index)) ұсынылады. Бұл рейтинг қолжетімді көздерден алынған деректер негізінде қалыптастырылады, осыған байланысты бағалау Күн тәртібіне қосылған барлық елдерді қамтымайды. 2024 жылы SDG Index 167 елді қамтиды.

SDG Index динамикасын талдау Қазақстанның соңғы үш жылдағы осы рейтингтегі позициясы іс жүзінде бір деңгейде екенін көрсетеді (2-сурет). 2024 жылы Қазақстан 100 мүмкін орыннан 71,1 баллмен 66-орынға ие болды. Қазақстан Орталық Азия елдері арасында жетекші орындардың бірін иеленді.

### **Анықтама:**

*Топ-5 ел: Финляндия, Швеция, Дания, Германия, Франция.*

*Орталық Азия елдері: Кыргызстан – 48 орын, Өзбекстан – 81 орын, Тәжікстан – 89 орын, Түрікменстан – 94 орын*



**Сурет 2.** Қазақстанның SDG Index-тегі орыны, 2016-2024 жж.

*Дереккөз: Sustainable Development Reports, 2022-2024*

SDG Index-те жетістік деңгейі бағдаршамның түстерімен кескінделеді.

	Жетістік мәртебесі		Үрдіс
●	ОДМ-ға қол жеткізілді	↑	қол жеткізу жолында
●	мәселелер қалды	↗	орташа өсу
●	күрделі мәселелер қалды	→	тоқырау
●	негізгі мәселелер қалды	↓	азаю
●	деректер қолжетімсіз	●	деректер қолжетімсіз

SDG Index-ке сәйкес 2024 жылы Қазақстанға тек 1-ОДМ «Кедейлікті жою» бойынша жасыл жетістікке қол жеткізді (1-кесте).

**Сары аймақта** 4-ОДМ «Сапалы білім» және 10-ОДМ «Теңсіздікті азайту» орналасқан.

Жеті ОДМ бойынша елеулі мәселелер атап өтіледі (**қызғылт сары аймақ**): 5-ОДМ «Гендерлік теңдік», 6-ОДМ «Таза су мен санитария», 8-ОДМ «Лайықты жұмыс пен экономикалық өсу», 9-ОДМ «Индустриализация, инновациялар мен инфрақұрылым», 11-ОДМ «Тұрақты қалалар мен елді мекендер», 12-ОДМ «Жауапты тұтыну мен өндіру» және 17-ОДМ «Орнықты даму мүддесіндеші әріптестік».

Алты ТДМ бойынша Қазақстан **«қызыл аймақта»** орналасқан: 2-ОДМ «Аштықты жою», 3-ОДМ «Денсаулық пен амандық», 7-ОДМ «Қолжетімді әрі таза энергия», 13-ОДМ «Климаттың өзгеруіне қарсы күрес», 15-ОДМ «Құрлық экожүйелерін қорғау», 16-ОДМ «Бейбітшілік, сот әділдігі мен мықты институттар».

2024 жылы, 2022 және 2023 жылдардағы рейтингпен салыстырғанда, 3-ОДМ «Денсаулық пен амандық», 5-ОДМ «Гендерлік теңдік», 11-ОДМ «Тұрақты қалалар мен елді мекендер» сияқты мақсаттар бойынша нашарлау байқалды.

3-ОДМ сарыдан қызғылт сары аймаққа ауысуы «Туберкулезбен сырқаттанушылық, 100 000 тұрғынға шаққанда» және «Туған кездегі өмір сүру ұзақтығы, жылдар» көрсеткіштерінің нашарлауымен байланысты.

Индикаторлар бойынша бағалау халықаралық көздерден алынған мәліметтер негізінде жүргізілетінін айта кету керек. Осыған байланысты рейтингте өткен кезеңнің статистикасы жиі қолданылады. Мәселен, «100 000 тұрғынға шаққандағы туберкулезбен



сырқаттанушылық» индикаторы бойынша 2023 жылды бағалау үшін 2021 жылғы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (бұдан әрі – ДДҰ) 74 мәні бар статистикасы, ал 2024 жылды бағалау үшін 78 мәні бар 2022 жылғы статистика пайдаланылды. Бұл ретте, Қазақстан статистикасына сәйкес 2021 жылы туберкулезбен сырқаттанушылық көрсеткіші 100 000 тұрғынға шаққанда 35,9 құрады. 2023 жылы ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша туберкулезбен сырқаттанушылық көрсеткіші 100 000 тұрғынға шаққанда 36,5 құрады. Осылайша, Қазақстанның 2023 жылғы ресми статистикасы мен SDG Index - 2024 көрсеткіштеріндегі алшақтық 2 еседен артық.

SDG Index-тегі өмір сүру ұзақтығының нашарлауы маңызды емес статистиканы қолданумен байланысты. SDG Index – 2023-те 2019 жылғы 74 жылдық статистиканы, ал SDG Index - 2024-те 2021 жылғы ДДҰ 69,4 жылдық статистикасын қолданды. 2020-2021 жылдары Қазақстанда өмір сүру ұзақтығының төмендеуі, әлемнің көптеген елдеріндегідей, COVID-19 байланысты болды. «Туған кездегі өмір сүру ұзақтығы, жыл» индикаторы елдегі денсаулық сақтаудың даму деңгейін сипаттайтын интегралды көрсеткіш болып табылатынына қарамастан, ол ОДМ жаһандық және ұлттық индикаторларының тізбесіне кірмейді.

Қазақстанның ОДМ 5 позициясының нашарлауына «Ұлттық парламенттегі әйелдер алатын орындар, %» көрсеткішінің төмендеуі әсер етті (SDG 2023 – 27,1 2021 жылғы, SDG 2024 – 19,4 2024 жылғы, ал ОДМ 11 - Қоғамдық көлікке қанағаттану, % SDG 2023 - 58, SDG 2024 – 41,2.

«Бастауыш білім берумен қамтудың таза коэффициенті, %» көрсеткішінің мәні 2023 жылғы 90,4% - дан (2020 жылғы деректер) 2024 жылы 95,6% - ға дейін (2023 жылғы деректер) айтарлықтай өскен ОДМ «Сапалы білім» бойынша жақсару байқалады.

### Кесте 1. 17 ОДМ бойынша ақпарат: 2022-2024 жылдардағы көрсеткіштері мен тенденциялары

ОДМ	2022 жыл		2023 жыл		2024 жыл	
	Рейтинг	Тенденция	Рейтинг	Тенденция	Рейтинг	Тенденция
1	●	↑	●	↑	●	↑
2	●	→	●	→	●	→
3	●	↗	●	↗	●	↗
4	●	→	●	→	●	↓
5	●	→	●	→	●	→
6	●	↗	●	↗	●	→
7	●	→	●	→	●	↗
8	●	↗	●	↗	●	↗
9	●	↗	●	↗	●	→
10	●	↑	●	→	●	↓
11	●	→	●	→	●	↗
12	●	↑	●	→	●	→
13	●	↗	●	↗	●	↗
14	●	●	●	●	●	●
15	●	→	●	→	●	→
16	●	↗	●	↗	●	↗
17	●	→	●	↗	●	↗

Дереккөз: Sustainable Development Reports, 2022-2024

## ҚАЗАҚСТАНДА ОДМ ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙ

Күн тәртібі қабылданған күннен бастап 2030 жылға дейін орнықты даму мәселелері бойынша Қазақстанда жүйелі жұмыс жүргізілуде. Қабылданған ОДМ міндеттеріне қол жеткізу үшін елде ОДМ іске асырудың институционалдық негіздері қалыптастырылды (3-сурет).

Күн тәртібін іске асыру жөніндегі жұмысты үйлестіру мақсатында ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің төрағалығымен ОДМ жөніндегі Үйлестіру кеңесі жұмыс істейді.

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Кеңес жұмысының үйлестіру органы болып табылады. Хатшылықтың рөлін сараптамалық-талдамалық қолдау көрсететін «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ атқарады.

Сондай-ақ, ҚР Ұлттық экономика министрлігінің жанынан консультативтік - кеңесші орган – ОДМ қол жеткізуді мониторингтеу Комитеті жұмыс істейді. Комитеттің негізгі міндеті Қазақстанда 2030 жылға дейін ОДМ қол жеткізу мониторингін жүзеге асыру болып табылады.

Статистикалық дерекқорды ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы қалыптастырады.

Орнықты дамудың 17 мақсаты «5 Р» қағидаты бойынша 5 жұмыс тобына бөлінген (*People, Planet, Prosperity, Peace, Partnership*).

### Анықтама:

#### **5 ведомстваралық жұмыс топтары:**

- ЖТ «Адамдар» (1, 2, 3, 4, 5-мақсаттар),
- ЖТ «Өсіп-өркендеу» (7, 8, 9, 10, 11-мақсаттар)
- ЖТ «Планета» (6, 12, 13, 14, 15-мақсаттар)
- ЖТ «Әлем» (16-мақсат)
- ЖТ «Серіктестік» (17-мақсаттар).



**Сурет 3.** Қазақстанда ОДМ іске асырудың институционалдық негізі

2023 жылғы 20 маусымда Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингтеу жөніндегі Парламенттік Комиссия құрылды. Экономикалық зерттеулер институты Комиссиямен белсенді ынтымақтасады, сараптамалық-талдамалық қолдау көрсетеді.

Күн тәртібі қабылданған сәттен бастап Қазақстан Нью-Йорк қаласында (2019 және 2022 жылдары) БҰҰ ОДМ бойынша жоғары деңгейдегі Саяси форумда 2 рет Ерікті ұлттық шолу ұсынды. 2025 жылдың шілдесінде Қазақстан үшінші Ерікті ұлттық шолуды ұсынуды жоспарлап отыр. Ерікті Ұлттық шолу – бұл елдер жетістіктерге талдау жасайтын және өз елдерінде ОДМ іске асырудағы қиындықтарды анықтайтын құжат.

ОДМ іске асыру мониторингі үшін 2021 жылы ұлттық индикаторлар қабылданды.

Ағымдағы жылы ОДМ ұлттық индикаторларының тізбесі сыртқы және ішкі шақыруларды ескере отырып қайта қаралды және ОДМ жөніндегі Үйлестіру кеңесінің хаттамасымен 2030 жылға дейін ОДМ бойынша ұлттық индикаторлардың жаңартылған тізбесі бекітілді.

ОДМ барлық ұлттық индикаторлары бойынша белгілі бір кезеңдегі динамиканы келесі себептер бойынша бағалауға болмайтынын атап өткен жөн:

- жеке индикаторлар бойынша қолжетімді деректердің болмауы, өйткені есептеу әдістері соңғы жылдары ғана жасалды;

- бірқатар индикаторлар бойынша деректер тек бір жылға қолжетімді, өйткені деректерді жинау бірнеше жылда бір рет кешенді тексеруді қажет етеді. Мысалы, мәні Мультииндикаторлық кластерлік зерттеумен (MICS) анықталатын индикаторлар туралы мәліметтер тек 2015 жылға қолжетімді.

Бұл талдамалық шолуда индикаторлардың динамикасын талдау үшін 2018 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңдегі деректер таңдалды, өйткені 2021-2023 жылдардағы деректер көптеген индикаторлар бойынша нақты көріністі көрсетпейді. Кейбір көрсеткіштер бойынша COVID-19 жағдайына, су тасқыны мен орман өрттеріне байланысты қысқа мерзімді нашарлау немесе жақсару болуы мүмкін. Мысалы, денсаулық сақтау саласындағы қаржыландыру, климаттың өзгеруіне байланысты міндеттер.

**ОДМ 1. Кедейлікті жою** 8 Ұлттық индикатордан тұрады (*өзекті индикаторлар (стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға енгізу үшін міндетті) – 0, мониторинг үшін – 8*).

Қарастырылып отырған кезеңде бірнеше ОДМ 1 индикаторлары теріс динамиканы көрсетеді. Мысалы, 1.4.2 «Жерге иелік ететін ересек халықтың үлесі, пайыз» көрсеткішінің мәні 2023 жылы 4,4% құрады, бұл 2018 жылмен салыстырғанда (6,4%) сәл төмен.

Елдегі кедейлік деңгейін өлшейтін маңызды ұлттық көрсеткіштердің бірінің, 1.2.1 «Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі, пайыз» индикаторының мәні соңғы жылдары (2021-2023 жылдар) 5,2% деңгейінде тұрақты ұсталып отыр. ҚР-ның 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарына сәйкес 2025-2029 жылдардағы көрсеткіштің болжамды мәні 5% (жыл сайын) құрайды.

**ОДМ 2. Аштықты жою** 13 Ұлттық индикатордан тұрады (*өзекті индикаторлар – 3, мониторинг үшін – 10*).

Қарастырылып отырған кезеңдегі өзгерістерді бақылауға болатын осы ОДМ индикаторлары негізінен оң динамиканы көрсетеді. Мәселен, 2.1.1 «Тамақтанбаудың таралуы, пайыз» индикаторының көрсеткіші 4,6% - дан 1,4% - ға дейін төмендеді. Сонымен қатар, «Ішкі нарықтың отандық өндірістің азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілу үлесі» индикаторы ерекше назар аударуды талап етеді. Осы индикатор бойынша тұрақсыз динамика байқалады. Мысалы, 2022 жылы отандық өндірістегі қанттың үлесі 42,6%, 2023 жылы – 51%, 2024 жылы – 44% құрады.

**ОДМ 3. Денсаулық пен әл – ауқат** 25 Ұлттық индикатордан тұрады (*өзекті индикаторлар – 15, мониторинг үшін – 10*).

Жалпы алғанда, шамамен 15 индикатор бойынша жақсару байқалады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша ана өлімінің көрсеткіші 100 мың тірі туылғанға шаққанда 11,4 құрады, бұл өткен жылдармен салыстырғанда айтарлықтай төмен. Айта кету керек, бұл Қазақстан тәуелсіздігінің барлық кезеңіндегі көрсеткіштің ең төменгі мәні.

Неонаталдық өлім деңгейі де төмендеді. 2023 жылы бұл көрсеткіштің мәні 1 000 туылғанға шаққанда 4,2 жағдайды құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 17,7% - ға төмен.

2022 және 2023 жылдардағы жаңа АИТВ (3.3.1 индикаторы) 1000 жұқтырмаған адамға шаққанда 0,20 жағдай деңгейінде қалды, бұл 2018 жылмен салыстырғанда (0,17) сәл көп.

**ОДМ 4. Сапалы білім** 18 Ұлттық индикатордан тұрады (*өзекті индикаторлар – 8, мониторинг үшін – 10*). Жалпы, көптеген көрсеткіштер бойынша жақсару байқалады. Алайда, инклюзивті білім беруге, инфрақұрылымды қамтамасыз етуге байланысты индикаторлар ерекше назар аударуды қажет етеді. Мәселен, талданып отырған кезеңде апатты мектептердің үлесі 0,4 - тен 0,7% - ға дейін өсті.

**ОДМ 5. Гендерлік теңдік** 12 Ұлттық индикатордан тұрады (*өзекті индикаторлар – 2, мониторинг үшін – 10*).

Үш көрсеткіш бойынша деректер ұсынылмайды, ал бес көрсеткіш бойынша – тек бір жылға арналған деректер (MICS немесе басқа зерттеумен анықталады).

Динамикадағы деректерге қол жетімді үш индикатор алдыңғы жылдармен салыстырғанда нашарлауды көрсетеді. Мысалы, ұлттық Парламенттегі (Мәжілістегі) әйелдердің үлесі 27,4% - дан (2018-2021 жылдар) 18,4% - ға (2023 жыл), ал ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер берілген әйелдердің үлесі 2,21% - дан (2018 жыл) 1,63% - ға (2023 жыл) дейін төмендеді.

5.b.1 «6 жастан асқан ұялы телефоны бар адамдардың үлесі, пайызы» индикаторының мәні 87,9% - дан 92,8% - ға дейін өсті. Бұл көрсеткіш бойынша гендерлік айырмашылық ең аз. 2023 жылы ерлер арасында бұл көрсеткіш 93,4%, ал әйелдер арасында – 92,2% құрады.

**ОДМ 6. Таза су мен санитария** 10 Ұлттық индикатордан тұрады (*өзекті индикаторлар – 6, мониторинг үшін – 4*).

Бірқатар индикаторлар бойынша жақсару байқалады. 2023 жылы 2018 жылмен салыстырғанда қалалық жерлерде халықтың сумен жабдықтау қызметтеріне қолжетімділігі 94,5% - дан 98,9% - ға дейін, ал ауылдық жерлерде 59,9% - дан 96,6% - ға дейін өсті.

**ОДМ 7. Арзан және таза энергия** 6 Ұлттық индикатордан тұрады (*өзекті индикаторлар – 3, мониторинг үшін – 3*).

ОДМ 7 көрсеткіштерінің барлығы дерлік жыл сайын оң динамиканы көрсетеді. 2023 жылы халықты газдандыру деңгейі (7.1.2 өзекті индикаторы) 60% құрады, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 10,3 пайыздық тармаққа жоғары (49,7%). 2018-2023 жылдар кезеңінде ЖЭК өндірген электр энергиясының үлесі (электр энергиясын өндірудің жалпы көлемінде) ірі ГЭС - ті ескере отырып, 10,2% - дан 12,7% - ға дейін, ал үлкен ГЭС - ті есепке алмағанда - 1,3% - дан 5% - ға дейін ұлғайды.

**ОДМ 8. Лайықты жұмыс және экономикалық өсу** 14 Ұлттық индикатордан тұрады (*өзекті индикаторлар – 6, мониторинг үшін – 8*).

Жалпы, көптеген көрсеткіштер бойынша өсім байқалады. 2023 жылы әрбір жұмыспен қамтылған адамға шаққанда нақты ЖІӨ-нің жылдық өсу қарқыны 104,7% - құрады.

Соңғы жылдары ЖҚҚ үлесі өсуде, тікелей туризмде ЖІӨ-де 2022 жылдың қорытындысы бойынша 1% құрады, бұл алдыңғы жылдармен салыстырғанда айтарлықтай жоғары (2020 жыл - 0,6%, 2021 жыл - 0,7%).

2023 жылы елдегі жұмыссыздық деңгейі 4,7% құрады, бұл қарастырылып отырған кезеңдегі ең төменгі көрсеткіш.

**ОДМ 9. Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым** 14 Ұлттық индикатордан тұрады (*өзекті индикаторлар – 8, мониторинг үшін – 6*).

ЖКҚ жалпы көлемінде орта технологиялық және жоғары технологиялық салалардың ЖКҚ үлесінің жыл сайын өсуі байқалады. Егер 2018 жылы бұл көрсеткіштің мәні 1,4% құраса, 2023 жылы 2,4% құрады.

**ОДМ 10. Теңсіздікті азайту** 9 Ұлттық индикатордан тұрады (*өзекті индикаторлар – 2, мониторинг үшін – 7*).

2023 жылы ҚР бойынша орташа табыстың 50% - дан төмен табысы бар адамдардың үлесі өсті. Бұл көрсеткіштің мәні 2022 жылғы 3,7% - дан 2023 жылы 4,1% - ға дейін өсті.

**ОДМ 11. Тұрақты қалалар мен елді мекендер** 7 ұлттық индикатордан тұрады (*өзекті индикаторлар – 5, мониторинг үшін – 2*). Осы мақсат бойынша индикаторлардың оң динамикасы байқалады.

Бір тұрғынға шаққанда тұрғын үймен қамтамасыз етудің қалыпты өсуі байқалады. Егер 2018 жылы бұл көрсеткіштің мәні 21,9 шаршы метрді құраса, 2023 жылы 23,9 шаршы метрге жетті, өсім 9,1% құрады.

**ОДМ 12. Жауапты тұтыну және өндіріс** 6 Ұлттық индикатордан тұрады (*өзекті индикаторлар – 5, мониторинг үшін – 1*). «А) азық-түлікті жоғалту индексі және б) тамақ қалдықтарының индексі» индикаторы бойынша деректер жоқ. 2023 жылы қайта өңдеу мен кәдеге жаратумен байланысты көрсеткіштер күрт нашарлады. Мәселен, 2022 жылы өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі олардың түзілуіне 40,03% құрады, 2023 жылы 30,38% - ға дейін төмендеді.

**ОДМ 13. Климаттың өзгеруіне қарсы күрес** 3 ұлттық индикатордан тұрады (*өзекті индикаторлар – 0, мониторинг үшін – 3*). Жалпы, оң динамика байқалады. Мысалы, 2018-2021 жылдары парниктік газдар шығарындыларының жиынтық жылдық көлемі 404,5-тен 340,84 млн т СО<sub>2</sub>-баламасына дейін төмендеді.

**ОДМ 14. Теңіз экожүйелерін сақтау** 4 Ұлттық индикатордан тұрады (*өзекті индикаторлар – 0, мониторинг үшін – 4*). Осы ОДМ үш көрсеткішінің мәні іс жүзінде бір деңгейде қалады. Мысалы, 2018-2022 жылдардағы ЖІӨ-дегі балық шаруашылығы мен аквамәдениеттің жылдық үлесі (14.7.1 индикаторы) 0,2% деңгейінде болды.

Бір көрсеткіш бойынша (14.4.1 «Биологиялық тұрақты шектердегі балық қорларының үлесі, пайыз») деректер жоқ.

**ОДМ 15. Құрлық экожүйелерін сақтау** 11 Ұлттық индикатордан тұрады (*өзекті индикаторлар – 1, мониторинг үшін – 10*). Жалпы алғанда, «Ормандардың таза алаңының өзгеруі» индикаторын қоспағанда, оң динамика байқалады (2020 ж. – 195,1 мың га, 2021 ж. - 318,4 мың га, 2023 ж. – 23,7 мың га).

**ОДМ 16. Бейбітшілік, сот төрелігі және тиімді институттар** 22 Ұлттық индикатордан тұрады (*өзекті индикаторлар – 4, мониторинг үшін – 18*). Осы мақсатта да оң динамика байқалады. Мәселен, талданып отырған кезеңде татуластыру рәсімдері арқылы рұқсат етілген сот істерінің үлесі қаралған істердің жалпы санына 11% - дан 42,6% - ға дейін өсті, адам саудасына байланысты жәбірленушілер саны 100 000 адамға шаққанда 1,3-тен 0,5-ке дейін төмендеді.

**ОДМ 17. Орнықты даму мүддесіндегі әріптестік** 18 Ұлттық индикатордан тұрады (*өзекті индикаторлар – 1, мониторинг үшін – 17*). Бірқатар индикаторлар бойынша тұрақсыз динамика байқалады. Мысалы, «*Ішкі салықтармен қаржыландырылатын ұлттық бюджеттің үлесі*» индикаторлары (2018 ж. – 24,1%, 2020 ж. – 12,6%, 2022 ж. – 29%, 2023 ж. – 17,8%), «*Тарифтердің орташа өлшенген ұлттық деңгейі*» (2018 ж. – 5%, 2020 ж. – 4,8%, 2022 ж. – 5,3%, 2023 ж. - 5%).

Индикаторлар динамикасы бойынша толық ақпарат **Қосымшада** берілген.

Орнықты даму мақсаттары орнықты дамудың үш компонентінің: экономикалық, әлеуметтік және экологиялық тепе-теңдігін қамтамасыз етеді.

Экономикалық компонент тұрақты экономикалық өсуге, жұмыс орындарын құруға, сапалы инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге және инновацияларды дамытуға бағытталған міндеттерді қамтиды (ОДМ 7, 8, 9, 10, 11).

Әлеуметтік компонент кедейлік пен аштықты жоюға, теңдікті қамтамасыз етуге, білім мен денсаулық сақтауға қол жеткізуге бағытталған (ОДМ 1, 2, 3, 4, 5).

Экологиялық компонент таза ауыз сумен қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, биоәртүрлілікті сақтау және климаттың өзгеруімен күресу шараларын қамтиды (ОДМ 6, 12, 13, 14, 15).

Күн тәртібінде сондай-ақ институттардың (ОДМ 16) және әртүрлі деңгейдегі серіктестіктердің (ОДМ 17) тиімділігін арттыруға арналған мақсаттар көзделген.

Қабылданған мақсаттарды тиімді іске асыру елдегі стратегиялық жоспарлаудың сапасымен тығыз байланысты. Осыған байланысты, Қазақстанда ОДМ-ын ұлттандыру және оқшаулау бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. «Қазақстан Республикасында мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысына БҰҰ Орнықты даму мақсаттарының нысаналы индикаторларын МЖЖ құжаттарында қолдану бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды, сондай-ақ бюджеттік жоспарлау құжаттарын жедел кешенді бағалау орнықты даму міндеттерін елдің стратегиялық және бюджеттік жоспарлауына интеграциялау әлеуетін көрсетті. 2019 жылы жүргізілген стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды жедел кешенді бағалау ОДМ міндеттерінің шамамен 80% стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда бар екендігін көрсетті.

Орнықты даму жолындағы шаралар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер етеді.

Мәселен, 2023 жылдың қорытындысы бойынша нақты экономикалық өсу деңгейі 5,1% құрады. Соңғы 4 жылда, 2019 жылдан 2023 жылға дейін жан басына шаққандағы ЖІӨ 35,7% - ға, сыртқы сауда айналымы 43,1% - ға ұлғайды. Осы кезеңде негізгі капиталға салынған инвестициялар 40,3% - ға 12,6-дан 17,6 трлн теңгеге дейін ұлғайды.

Әлеуметтік салада оң нәтиже беретін мақсатты шаралар қабылдануда. 2023 жылы қабылданған әлеуметтік кодекс туғаннан бастап кәмелетке толғанға дейін әлеуметтік қолдау, жұмысқа орналасу, еңбек қауіпсіздігі, әлеуметтік сақтандыру, қиын өмірлік жағдайлар туындаған кезде көмек, қарттарды қолдау мәселелерін қамтиды.

Сондай-ақ, Кодексте мүгедектігі бар адамдарға көп көңіл бөлінеді. Жалпы, жаңа әлеуметтік Кодекстің осы және басқа да көптеген нормалары азаматтардың әл-ауқатын арттыруға және әлеуметтік тәуекелдердің алдын алуға бағытталған.

Мәселен, бала күтімі бойынша жәрдемақы төлеу мерзімі 1,5 жасқа дейін, сонымен қатар көп балалы аналарға (750 мыңнан астам ана) жәрдемақы ұлғайтылды. Мүгедектігі бар және асыраушысынан айырылған адамдар үшін әлеуметтік жәрдемақылар 23% - ға өсті.

2023 жылдан бастап отбасының цифрлық картасының арқасында 500 мыңнан астам адам белсенді әлеуметтік қолдау алды.

Денсаулық сақтау саласында «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы іске асырылуда.

Соңғы бес жылда орта білім беруді қаржыландыру екі еседен астамға ұлғайды (2-ден 4,5 трлн теңгеге дейін).

2023 - 2025 жылдары ғылымды қаржыландыру көлемі 643 млрд. теңгені құрады (2023 жылы 149 млрд. теңге, 2022 жылмен салыстырғанда 3,5 есе көп).

Қазақстан экономикасындағы жалпы өндіріс көлемінің үштен бір бөлігі көмірсутектермен байланысты, бұл климаттың өзгеру себептерінің бірі болып табылатын парниктік газдар шығарындыларына әкеледі.

Климаттың өзгеруіне қарсы күрес жөніндегі Париж келісімін іске асыру шеңберінде ел экономикасын декарбонизациялау мақсатында 2023 жылғы ақпанда 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына қол жеткізу Стратегиясы бекітілді.

Әлемнің 221 елі арасында ЖІӨ-нің көміртегі сыйымдылығы бойынша жиырма төртінші орында (Global Carbon Atlas мәліметтері бойынша) болып біз стратегия аясында

2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу үшін өршіл мақсат қойдық. 2022-2025 жылдарға арналған көміртегі квоталарының Ұлттық жоспары іске асырылуда, ол жыл сайын тегін квоталарды 1,5% - ға, ал 2026 жылдан бастап кемінде 5% - ға қысқартуды көздейді. Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жаңа экологиялық кодекс бекітілді. Бұл шаралар 2030 жылға қарай Париж келісімінің міндеттемелерін орындауға мүмкіндік береді.

Қазақстанда су тапшылығы, су ресурстарының қолжетімділігі мен сапасы проблемаларын жедел шешу үшін ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылды.

Сондай-ақ 2021-2025 жылдарға арналған ормандарды молықтыру мен орман өсірудің кешенді жоспарлары бекітілді. Орман қорында елді мекендерде 2 млрд. астам ағаш және 15 млн. ағаш отырғызу жоспарлануда.

Қалдықтарды қайта өңдеу мәселесіне көп көңіл бөлінеді. 2015 жылдан 2022 жылға дейін қайта өңделетін және кәдеге жаратылатын өнеркәсіптік қалдықтардың үлесі 23,1% - дан 40% - ға дейін өсті.

ОДМ іске асыру кезінде қажетті ресурстардың болуы шешуші болып табылады. Ең маңыздыларының бірі – ол қаржыландыру.

Елдің және жалпы аймақтың алдында тұрған қиындықтардың күрделілігін түсіну ресурстарды қажет ететіндігін және тұрақты шешімдерді әзірлеудің өзіндік құнын айқын көрсетеді.

Бүгінгі таңда ОДМ елдің стратегиялық мақсаттарымен жақсы үндестірілгендіктен, мемлекеттік бюджеттің 80% ОДМ қол жеткізуге тиесілі.

Өз кезегінде ОДМ қол жеткізу бойынша көрсеткіштерді жақсарту стратегиялық және бюджеттік жоспарлау арасындағы неғұрлым тығыз келісуді және өзара байланыстыруды қамтамасыз етуді талап етеді.

Бұл ретте, елімізде басқа көздерден, оның ішінде жеке ресурстардан дамуды қаржыландырудың үлкен әлеуеті бар. Дәл жеке сектор бұл дамуды қаржыландырудың негізгі элементі болуы керек.

Орнықты дамуға азаматтардың, қоғамдық институттардың инклюзивті қатысуынсыз қол жеткізу мүмкін емес.

Коммерциялық емес ұйымдар мемлекет пен халық арасындағы байланыстырушы көпір ретінде тек іске асыру үшін ғана емес, сонымен қатар Үкіметтің қоғамның ОДМ міндеттеріне қол жеткізу қажеттіліктеріне белсенді жауап беруге ынталандыруы үшін айтарлықтай әлеуетке ие.

Бұл тұрғыда жыл сайын Азаматтық форум өткізіліп тұрады, ол үкіметтік емес секторға халық бірлігін нығайту және елдің тұрақты дамуы үшін мемлекет пен қоғам арасында ашық диалог орнатуға серпін береді.

Бүгінгі таңда кез-келген заңдар, бағдарламалар мен стратегиялық құжаттар міндетті түрде қоғамдық тыңдаулардан өтеді.

«Халық қатысатын бюджет» жобасы құралдардың бірі болып табылады. Халықтың қатысуы бюджетін енгізудің басты мақсаты – оны қалыптастыру шеңберінде жергілікті бюджет қаражатын бөлуге халықты тарту.

Орнықты даму мақсаттарын іске асыру процесіне әлеуметтік, экологиялық және экономикалық сипаттағы мәселелерді қамтитын ESG қағидатына бағдарлана отырып, бизнес тартылады.

Елде қоршаған ортаға ұқыпты қарау, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқарудың жоғары сапасы қағидаттары бойынша жұмыс істейтін 96 компания жұмыс істейді. Осы қағидаттар бойынша бизнес қана емес, мемлекет те жұмыс істейді.

Әлемде орнықты даму мақсаттарын іске асыруды мониторингілеудің әмбебап әдісі әлі қалыптасқан жоқ. Бүгінгі таңда 169 тапсырманың 40% статистикалық көрсеткіштермен толық өлшеу мүмкін емес.

Осыған байланысты ОДМ деректерін мониторингтеудің өңіраралық платформаларын құру ұсынылды. Ағымдағы жылы Экономикалық зерттеулер институты БҰҰДБ-мен бірлесіп, Орталық Азия елдері үшін ОДМ платформасын әзірлеуді аяқтады.

ОДМ іске асыруда аймақтық ынтымақтастық маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты, Қазақстан Орталық Азия мен Ауғанстан елдері үшін ОДМ бойынша БҰҰ хабын құруға бастамашы болды. Осы бастаманы қолдау мақсатында, Қазақстан Орталық Азия елдері үкімет басшыларының қатысуымен Орнықты даму саласындағы мақсаттар бойынша екі рет Өңірлік Саммит өткізді (2019, 2022 жж.).

Сонымен қатар, бастамаларды тиімді іске асыру мынадай мәселелерді шешуді талап етеді:

- ❖ ОДМ оқшаулау процесін жеделдету;
- ❖ орнықты даму тәсілдерін елдің стратегиялық жоспарлауына толық интеграциялау;
- ❖ ОДМ бюджеттеу, оның ішінде Климаттық қаржыландыру және гендерлік талдау қағидаттарын Қазақстандағы бюджет процесіне интеграциялау;
- ❖ гендерлік бюджеттеуді енгізу және заңнаманың гендерлік сараптама жүйесін үйлестіру жөніндегі жұмысты жалғастыру;
- ❖ мемлекет, азаматтық қоғам, бизнес, халықаралық ұйымдар және т.б. арасындағы диалогты жалғастыру;
- ❖ Орталық Азия елдерімен және басқа да халықаралық әріптестермен тиімді өңірлік өзара іс-қимылды қолдау.



Қазақстан БҰҰ-ның барлық адамдар үшін инклюзивті экономикалық өсуге бағытталған Орнықты даму мақсаттарының берік жақтаушысы болды және болып қала береді, ресурстарды жауапты тұтыну және олар Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының басымдықтарының қатарында болады.

Қабылданған мақсаттарды тиімді іске асыру елдегі стратегиялық жоспарлаудың сапасымен тығыз байланысты. Осыған байланысты, Қазақстанда ОДМ-ны ұлттандыру және оқшаулау бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 «Қазақстан Республикасында мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» қаулысына БҰҰ Орнықты даму мақсаттарының нысаналы индикаторларын СМБ құжаттарында қолдану бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Бүгінгі күні орнықты даму қағидаты ұлттық стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың негізіне қаланды.

Орнықты даму жолындағы шаралар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер етеді.

Мәселен, 2023 жылдың қорытындысы бойынша нақты экономикалық өсу деңгейі 5,1%-ды құрады. Соңғы 4 жылда, 2019 жылдан 2023 жылға дейін жан басына шаққандағы ЖІӨ 35,7%-ға, сыртқы сауда айналымы 43,1%-ға ұлғайды. Осы кезеңде негізгі капиталға салынған инвестициялар 40,3%-ға 12,6 трлн теңгеден 17,6 трлн теңгеге дейін ұлғайды.

Әлеуметтік салада оң нәтиже беретін мақсатты шаралар қабылдануда.

Климаттың өзгеруіне қарсы күрес жөніндегі Париж келісімін іске асыру шеңберінде ел экономикасын декарбонизациялау мақсатында, 2023 жылғы ақпанда 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы бекітілді.

Қазақстанның алдында климаттың өзгеруін, соның салдарынан судың жетіспеушілігін, Еуропалық Одақтың көміртегі салығын енгізуіне байланысты өнеркәсіпті әртараптандыруды жатқызуға болатын бірқатар жаһандық сын-қатерлер тұр.

Бүгінгі таңда ОДМ ұлттық индикаторларын іске асырудағы оң динамикаға қарамастан, жүйелі мәселелер сақталуда.

Осы жағдайларда Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізудегі ілгерілеу қарқынын жеделдету үшін шұғыл және трансформациялық әрекеттер қажет.

ОДМ іске асыру процесінде біздің еліміздің азаматтары алушылар болып табылады, сондықтан жалпы өңірлердің қатысуынсыз тұрақты дамуға қол жеткізу қиын. Сондықтан ОДМ локализациялау процесін жеделдету қажет.

Жеке сектор мен азаматтық қоғам орнықты дамудың көптеген міндеттерінің катализаторы болып табылатынын ескере отырып, оларды ОДМ іске асыруға тарту жөніндегі жұмысты жандандыру қажет.

ОДМ іске асыру кезінде қажетті ресурстардың болуы шешуші болып табылады. Ең маңыздыларының бірі қаржыландыру болып табылады.

Елдің және жалпы аймақтың алдында тұрған қиындықтардың күрделілігін түсіну тұрақты шешімдерді әзірлеудің ресурс сыйымдылығы мен шығынын анық көрсетеді.

Бүгінгі таңда ОДМ елдің стратегиялық мақсаттарымен жақсы үндестірілгендіктен, мемлекеттік бюджеттің 80%-ға жуығы ОДМ-ға қол жеткізуге тиесілі.

Өз кезегінде ОДМ-на қол жеткізу бойынша көрсеткіштерді жақсарту стратегиялық және бюджеттік жоспарлау арасындағы неғұрлым тығыз үйлестіруді және өзара байланыстыруды қамтамасыз етуді талап етеді.

Бұл ретте, елімізде басқа көздерден, оның ішінде жеке ресурстардан дамуды қаржыландырудың үлкен әлеуеті бар. Жеке сектор бұл дамуды қаржыландырудың негізгі элементі болуы керек.

## Қосымша. Қазақстанның ОДМ ұлттық индикаторларының динамикасы

№	Жаһандық көрсеткіштің атауы	Ұлттық индикатор	Өлшем бірлігі	2018	2019	2020	2021	2022	2023
<b>1-мақсат. Кедейлікті барлық нысандарда жаппай жою</b>									
1.1.1	Халықаралық кедейлік шегінен төмен тұратын халықтың жынысы, жасы, жұмыспен қамту мәртебесі және тұрғылықты жері (қалалық/ауылдық) бойынша бөліністегі үлесі	Сатып алу қабілетінің паритеті бойынша табысы: күніне САҚП бойынша 1,9; 3,2; 5,5 АҚШ долларынан кем халықтың үлесі	пайыз						
		Күніне САҚП бойынша 1,9 АҚШ доллары		...	...	...	0,0	...	...
		Күніне САҚП бойынша 3,2 АҚШ доллары		0,1	0,1	0,1	0,1	0,0	0,0
		Күніне САҚП бойынша 5,5 АҚШ доллары		4,4	3,8	2,7	2,2	1,9	1,1
		Күніне САҚП бойынша 6,8 АҚШ доллары					7,3	5,4	3,4
1.2.1.	Ресми кедейлік шегінен төмен тұратын ел халқының жынысы мен жасына қарай бөлінудегі үлесі	Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі		4,3*	4,3	5,3	5,2	5,2	5,2
1.3.1	Балаларды, жұмыссыздарды, қарттарды, мүгедектерді, жүкті әйелдерді, жаңа туған нәрестелерді, еңбек жарақатын алған адамдарды және кедейлер мен осал адамдарды бөле отырып, жынысы бойынша бөліністе әлеуметтік қорғаудың ең төменгі деңгейімен/жүйелерімен қамтылған халықтың үлесі	Мемлекеттік зейнетақы мен жәрдемақы алушылардың саны	мың адам						
		1 жасқа дейінгі балалардың тууына және күтіміне		520,5	538,5	551,6	484,0	528,9	
		жұмысынан айырылу себебі бойынша төлемдер		47,7	63,9	99,1	105,7	110,6	
		базалық зейнетақы төлемі		2 154,0	2 179,6	2 193,4	2 195,5	2 198,8	
		жасы және еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетақы төлемі		2 152,3	2 196,2	2 224,1	2 240,0	2 256,3	
		атаулы әлеуметтік көмек		571,6	2 177,2	936,2	990,5	728,7	
1.4.2	Заңмен табылған құжаттармен расталған кепілді жерге иелік ету құқығына ие және жерге өз құқықтарын кепілді деп санайтын, жынысы бойынша және жерге иелік ету нысандары бойынша бөлінген жиынтық ересек халықтың үлесі	Жерді иеленетін ересек халықтың үлесі (меншік иелері мен жер пайдаланушылар саны)	пайыз	6,39	6,61	4,88	4,36	4,42	4,36
1.5.1	100 000 адамға шаққанда қаза тапқандар, хабар-ошарсыз кеткендер және тікелей	Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккендер мен қаза							

	апаттардан зардап шеккендер саны	тапқандар саны								
		зардап шекті	адам	8	9	15	24	119	9	
		100000 адамға шаққанда зардап шекті		0,044	0,049	0,08	0,13	0,6	0,04	
		оның ішінде қайтыс болды	адам	1	2	5	7	5	4	
		100 000 адамға шаққанда қаза тапты		0,005	0,011	0,03	0,04	0,03	0,02	
1.5.2	Әлемдік жалпы ішкі өнімге (ЖІӨ) пайыздық қатынаста апаттардан тікелей экономикалық шығындар	Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардан келтірілген залал сомасы	мың теңге	1 219 596,0	4 552 244,6	7 036 051,3	6 771 141,0	16 433 075,2	16 778 361,5	
		Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан келтірілген залал сомасы	мың теңге	4 014 984,1	5 379 489,7	2 770 183,9	2 168 043,7	29 195 289,3	5 948 765,2	
1.a.2	Мемлекеттік шығыстардың жалпы сомасындағы негізгі қызметтерге (білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау) арналған шығыстардың үлесі****		пайыз	53,8	53,2	53,7	56,6	52,5	51,8	
		Білім беру		16,6	16,4	18,0	19,8	20,1	20,8	
		Денсаулық сақтау		10,0	9,1	11,2	12,2	9,4	8,9	
		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру		23,4	24,5	21,6	21,7	19,9	19,0	
		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік		3,8	3,2	2,9	2,9	3,1	3,1	
1.b.1	Халықтың аз қамтылған топтарының мүддесі үшін мемлекеттік әлеуметтік шығыстар	Әлеуметтік қорғауға арналған мемлекеттік шығыстардың үлесі жалпы бюджетке пайызбен	пайыз	23,4	24,5	21,6	21,7	19,9	19,0	
<b>2-мақсат. Аштықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тамақтануды жақсарту және ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына жәрдемдесу</b>										
2.1.1	2.1.1 Тамаққа жарымаудың таралуы		пайыз	4,6	4,1	4,4	1,0	1,8	1,4	
2.1.2	Халықтың азық-түлік қауіпсіздігінің орташа немесе жіті болмауы деңгейі («Азық-түлік қауіпсіздігінің жоқтығын қабылдау межелігі» бойынша)		пайыз							
	азық-түлік қауіпсіздігінің орташа және өткір болмауы			2,1	3,2	2,5	1,4	1,8	2,4	
	азық-түлік қауіпсіздігінің өткір болмауы			0,1	0,4	0,5	0,01	0,7	1,1	
2.1.2.1		Ішкі нарықтың отандық өндірістің азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілу үлесі	пайыз				алма – 73%, құс еті – 58%, шұжық өнімдері – 61,5%, ірімшік пен сүзбе – 51%, қант – 31%, балық –	алма – 73%, құс еті – 68%, шұжық өнімдері – 61%, ірімшік пен сүзбе – 53%, қант – 51%, балық –	алма – 76%, құс еті – 68%, шұжық өнімдері – 61%, ірімшік пен сүзбе – 53%, қант – 51%, балық –	алма – 80%, құс еті – 73%, шұжық өнімдері – 60%, ірімшік пен сүзбе – 46%, қант – 44%, балық –

							75%.	42,6%, балық – 65,8%	74%	60%
2.2.1	Бес жасқа дейінгі балалар арасында өсудің тежелуінің таралуы (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) белгілеген балалардың өсу нормаларына сәйкес баланың жасына қарай орташа өсу көрсеткішінен орташа шаршылық ауытқу, <-2)		пайыз							
	<i>Нормадан ауытқудың орташа және күшті дәрежесі</i>			8 (2015)						
	<i>Нормадан ауытқудың күшті дәрежесі</i>			2,4 (2015)						
2.2.2	Бес жасқа дейінгі балалар арасында тамаққа жарымаудың таралуы (жүдеу немесе семіздік) (ДДҰ белгілеген балалардың өсу нормаларына сәйкес орташа салмақтан бойға орташа шаршылық ауытқу, >+ 2 немесе <-2)		пайыз							
	Жүдеу: қалыпты және күшті ауытқу дәрежесі			3,1 (2015)						
	Жүдеу: нормадан ауытқудың күшті дәрежесі			1,1 (2015)						
	Артық салмақ: қалыпты және күшті ауытқу дәрежесі			9,3 (2015)						
2.2.3	15-49 жас аралығындағы әйелдер арасында анемияның жүктілік мәртебесі бойынша таралуы (пайызбен)	15-49 жас аралығындағы жүкті әйелдер арасында анемия жиілігі		30,7	28,2	27,0	28,6	27,3	26,4	
2.3.1	Фермер қожалығы/мал шаруашылығы/орман шаруашылығы кәсіпорындары мөлшерінің сыныптары бойынша бөліністе еңбек бірлігіне өндіріс көлемі	Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі	мың теңге	2076,6	2466,0	3004,8	3350,7	4608,2	4378,0	
2.4.1	Ауыл шаруашылығын жүргізудің өнімді және сарқылмайтын әдістері қолданылатын ауыл шаруашылығы алқаптары алаңының үлесі	ҚР жалпы егіс алаңында енгізілген нүктелік егіншілік технологияларының үлес салмағы	пайыз	0,09*	3,5	3,48	10,88	10,53		
2.4.1.1		Су үнемдеу технологиялары пайдаланылатын суармалы жерлердің ауданы (тамшылатып суару, бүрку)	мың гектар	215,5	210,5	221,0	258,0	279,6	312,2	
2.5.1	Орта мерзімді немесе ұзақ мерзімді сақтаудың арнайы объектілерінде сақталатын азық-түлік пен ауыл шаруашылығын өндіруге арналған өсімдік			Маңызды ауыл шаруашылығы дақылдарының 64 236 мың үлгісі сақтауда, оның ішінде ауыл шаруашылығы дақылдарының			63493,0	63493,0	63493,0	

	және зоологиялық тектес генетикалық ресурстардың саны			жабайы туыстарының 1583 үлгісі, 2018 жылғы 1 қыркүйектегі деректер					
2.5.2	Мынадай санаттарға жататын жануарлар түрлерінің (жергілікті тұқымдарының) үлесі: құрып кету қаупі төнген; құрып кету қаупі төнген емес; жойылып кету қаупі төнген деңгейі белгісіз	Тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің көбеюі	пайыз						
		ақбөкендер		41,0	55,5	...	151,7	36,0	45,3
		тоғай бұғы		3,7	2,5	4,1	6,7	7,2	9
		құлан		2,9	2,3	1,4	1,9	1,7	1,8
		қарақұйрық		2,3	2,3	3,1	1,6	1,3	2,1
		арқар		1,5	5,2	2,8	2,1	4,4	3
2.a.1	Мемлекеттік шығыстардың құрылымы бойынша айқындалатын ауыл шаруашылығына бағдарлану индексі		пайыз	0,6	0,8	...	...	0,6	0,5
2.c.1	Азық-түлік нарығындағы баға ауытқуларының көрсеткіші		пайыз	0,1	1,2	2,0	2,0	...	
<b>3-мақсат. Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және барлық жастағы адамдардың әл-ауқатына ықпал ету</b>									
3.1.1	Ана өлім-жітімінің коэффициенті		100 000 тірі туылғанға	13,9	13,7	36,5	44,7	17,0	11,4
3.1.2	Білікті медицина қызметкерлері қабылдаған босану үлесі		пайыз	99,9	99,9	99,9	99,9	99,7	98,7
3.2.1	Бес жасқа дейінгі балалардың өлім-жітім коэффициенті		1000 туылғанға	10,11	10,69	9,41	10,04	9,88	10,03
3.2.2	Неонаталдық өлім-жітім коэффициенті		1000 туылғанға	4,58	4,81	4,80	5,11	4,53	4,21
3.3.1	Халықтың негізгі топтарына жынысы, жасы және тиесілігі бойынша бөліністе жұқтырмаған 1000 адамға шаққанда жаңа АИТВ жұқтыру саны		1000 жұқтырмаған адамға	0,17	0,19	0,18	0,18	0,20	0,20
3.3.1.1		Инъекциялық есірткіні тұтынушылар арасынан жаңадан анықталған АИТВ саны	адам	877	1146	999	815	786	686
3.3.2	100 000 адамға шаққанда туберкулезбен сырқаттанушылық		100000 адамға	48,2	45,6	35,7	35,9	36,5	34,7
3.3.4	100000 адамға шаққанда В гепатитінің жиілігі		100000 адамға	0,58	0,60	0,18	0,2	2,5	0,2
3.4.1	Жүрек-қан тамырлары аурулары, қатерлі ісік, қант диабеті, созылмалы респираторлық аурулардан болатын өлім-жітім (70 жасқа толғанға дейін қайтыс болатын 30 жастағы адамдардың пайызы )		пайыз	19,28	18,81	20,48	21,80	16,63	24,81
3.4.2	Өз-өзіне қол жұмсаудан болатын өлім-жітім		100000 тұрғынға	13,65	12,82	11,44	11,10	9,03	7,7

			шаққанда						
3.5.1	Заттарды қолданудан туындаған бұзылуларды емдеумен қамту (дәрі-дәрмек, психоәлеуметтік және оңалту қызметтері және кейінгі күтім қызметтері)	Заттарды қолдану салдарынан психикалық және мінез-құлық бұзылыстарының жиілігі	100000 тұрғынға шаққанда	99,8	85,6	75,7	70,4	64,4	67,1
		Алкогольді тұтыну нәтижесінде психикалық және мінез-құлық бұзылыстарының жиілігі		79,4	69,0	62,3	58,1	53,0	55,4
		Есірткіні қолдану нәтижесінде психикалық және мінез-құлық бұзылыстарының жиілігі		20,1	16,2	13,4	12,3	11,4	11,7
3.5.2	Күнгізбелік жылы бір литр таза алкогольде алкогольді теріс пайдалану (15 жастан бастап жан басына шаққандағы алкогольді тұтынудың ұлттық ерекшеліктеріне сәйкес анықталады)								
3.6.1	Жол-көлік оқиғалары салдарынан болатын өлім-жітім		100000 тұрғынға шаққанда	13,2	14,56	11,38	12,01	13,83	13,24
3.7.1	Отбасын жоспарлау қажеттіліктері заманауи әдістермен қанағаттандырылатын репродуктивті жастағы (15 жастан 49 жасқа дейінгі) әйелдердің үлесі	Контрацепцияға қанағаттандырылған қажеттілігі 15-49 жас аралығындағы әйелдердің пайыздық үлесі	пайыз	55,7 (2015)					
3.7.2	Осы жас тобындағы 1000 әйелге шаққанда жасөспірімдер арасындағы туу коэффициенті (10 жастан 14 жасқа дейін және 15 жастан 19 жасқа дейін)	Осы жас тобындағы 1000 әйелге шаққанда жасөспірім қыздар арасындағы туу көрсеткіші (10 жастан -14 жасқа дейін; 15 жастан -19 жасқа дейін)	осы жас тобындағы 1000 әйелге						
		10 жастан -14 жасқа дейін		0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02
		15 жастан - 19 жасқа дейін		23,93	23,20	22,89	23,77	19,71	17,71
3.7.2.1		Жасөспірімдер арасындағы түсік түсіру саны (14 жасқа дейін, 15-18 жас)							
		15 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасындағы түсік	жағдай	27	21	12	15	9	17
		15-18 жас аралығындағы жасөспірімдер арасындағы түсік	жағдай	1237	1147	1122	1094	1139	1231
3.8.1	Негізгі медициналық-санитариялық қызметтермен қамтылған халықтың нысаналы санаттарының үлесі								
3.8.2	Үй шаруашылықтары шығыстарының немесе кірістерінің жалпы көлемінде медициналық көмекке отбасылық шығыстардың үлесі жоғары халықтың үлесі	Жалпы денсаулық сақтау шығындарының құрылымындағы қалта шығындарының үлесі	пайыз	31,7	32,0	26,3	23,9	29,6	26,2
3.9.2	Қауіпсіз судың болмауынан болатын өлім. қауіпсіз санитария және гигиена (барлық адамдар үшін сумен жабдықтау, санитария		100000 тұрғынға шаққанда	0,83	1,28	1,28	1,29	0,60	0,78

	және гигиена саласында қауіпсіз қызметтердің болмауынан)								
3.9.3	Абайсызда уланудан болатын өлім-жітім		100000 тұрғынға шаққанда	2,77	2,33	2,03	1,69	1,46	1,33
3.a.1	15 жастан асқан адамдардың темекіні пайдалануының жас бойынша стандартталған таралуы			...	21,5				
3.b.1	Ұлттық бағдарламаларға енгізілген барлық вакциналармен иммундаумен қамтылған халықтың нысаналы тобының үлесі			97,8	96,7	90,2	95,3	98,8	96,0
	АКДС қамту (3 доза)			98,3	97,4	88,3	95,3	98,6	96,7
	Қызылшаға қарсы вакцинамен қамту (2 доза)			98,4	97,8	90,7	95,9	97,3	99,0
	Пневмококты конъюгацияланған вакцинамен қамту (3 доза)			95,5	89,4	88,7	92,6	97,7	94,9
	Адам папилломасы вирусына (АПВ) қарсы вакцинамен қамту			...	...				
3.b.3	Негізгі қажетті және қолжетімді дәрілік заттар жиынтығы бар медициналық мекемелердің үлесі	Диспансерлік бақылауда тұрған пациенттердің дәрілік заттармен қамтамасыз етілу үлесі	пайыз	61,0	67,1	84,2	79,7	81,4	99,69
3.c.1	Жан басына шаққандағы медицина қызметкерлерінің саны және оларды бөлу	1000 тұрғынға шаққанда дәрігерлермен қамтамасыз ету (тіссіз)	1000 тұрғынға шаққанда	3,96	3,97	4,1	4,1	3,8	3,8
		1000 тұрғынға шаққанда орта медицина қызметкерлерімен қамтамасыз ету	1000 тұрғынға шаққанда	7,47	7,4	7,5	7,5	7,5	7,3
		1000 тұрғынға стоматологтармен қамтамасыз ету (тіс техниктерін қоса алғанда)	1000 тұрғынға шаққанда	0,38	0,36	0,4	0,4	0,4	0,4
		1000 тұрғынға фармацевтикалық қызметкерлермен қамтамасыз ету (провизорларды қоса алғанда)	1000 тұрғынға шаққанда	0,46	0,30	0,35	0,40	0,40	0,34
3.d.1	Халықаралық медициналық-санитарлық қағидаларды (ХМСҚ) сақтау қабілеті және қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдайларға дайындық	Жалпы денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдайлар кезінде тәуекелдерді басқаруда қолданылатын халықаралық ХМСҚ стандарттарының үлесі							
<b>4-мақсат. Барлығын қамтитын және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлығына өмір бойы білім алу мүмкіндігін ынталандыру</b>									
4.1.1	а) 2 және 3-сынып оқушыларына; б) бастауыш мектеп түлектеріне; және с) і) оқу және ii) математика дағдыларын меңгерудің ең аз деңгейіне жеткен кіші орта мектеп түлектеріне жынысы бойынша бөлінетін балалар мен жастардың үлесі	PIRLS - 2016 (4-сынып) нәтижелері бойынша жынысы бойынша бөлуде оқу сауаттылығының ең аз дегенде I деңгейіне жеткен/бастауыш мектеп бітіруші балалар мен жастардың үлесі	пайыз	98 (2016)			91,0		

		PISA (мектептер мен колледждердің 15 жастағы білім алушылары) нәтижелерін жынысы бойынша бөлуде оқу сауаттылығының кемінде I деңгейіне жеткен орта мектеп бітіруші балалар мен жастардың үлесі	пайыз	35,8				36,3	
		Ең аз дегенде ii деңгейге жеткен бастауыш мектеп бітіруші балалар мен жастардың үлесі) есеп дағдылары (математика) TIMSS нәтижелері (4-сынып)	пайыз	96 (2015)		95,0			
		Ең аз дегенде ii деңгейге жеткен бастауыш мектеп бітіруші балалар мен жастардың үлесі) есеп дағдылары (математика) TIMSS нәтижелері (8-сынып)	пайыз	91 (2015)		85,0			
		Орта мектепті бітірген балалар мен жастар үшін, кем дегенде, ең төменгі ii деңгейге жеткен) есеп дағдылары (математикалық сауаттылық), жынысы бойынша PISA (мектептер мен колледждердің 15 жастағы білім алушылары) нәтижелері	пайыз	51,0				50,4	
4.1.2	Аяқтау пайызы (бастауыш білім, толық емес және толық орта білім)		пайыз						
		бастауыш білім		99,6	99,1	99,8	99,4	99,7	99,9
		толық емес білім		98,9	97,6	95,7	99,1	98,0	99,3
		толық орта білім		95,8	85,8	99,3	99,6	99,4	99,6
4.2.1	Денсаулық, оқу және психоәлеуметтік әлауқат тұрғысынан ауытқусыз дамидын бес жасқа дейінгі балалардың жынысы бойынша бөлінудегі үлесі	«Ерте жастағы балалардың даму индексі» индикаторы (ЕЖБДИ)	пайыз	85,5 (2015)					
4.2.2	Жынысы бойынша бөліністе оқытудың ұйымдастырылған түрлеріне қатысу деңгейі (мектепке түсудің ресми жасына жеткенге дейін бір жыл бұрын)	Мектепалды даярлықпен қамтылған балалардың үлесі	пайыз	93,8	98,3	97,2	95,8	99,1	99,2
4.2.2.1		Мектеп жасына дейінгі балалардың оқуға дайындық деңгейі		90,8 (2015)					
4.3.1	Соңғы 12 айда жас және ересек адамдардың ресми және бейресми оқыту мен кәсіптік даярлыққа қатысу деңгейі жынысы бойынша	Зерттеуге дейінгі соңғы 12 айда 16-65 жастағы ересектердің бейресми оқыту және кәсіптік оқыту түрлеріне қатысуы	пайыз	17,10					
4.4.1	Ақпараттық коммуникациялық технологиялар саласында дағдылары		пайыз						



бар/меңгерген жастардың/ересектердің дағдылардың түрлері бойынша бөлінудегі үлесі									
<b>15-24 жас аралығындағы жастардың үлесі</b>									
